

Хасангалиева Бибигуль Кенесовнаның
«8D02304 - Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған «Қазақ және ағылшын тілдеріндегі
медицина (офтальмология) терминдерін когнитивтік-фреймдік зерттеу
бағыты» диссертациясына

ПІКІР

Зерттеудің өзектілігі оның лингвистикадағы басым бағыттармен, атап айтқанда когнитивті лингвистика мен когнитивті терминтаным, салғастырмалы тіл білімімен байланысынан көрінеді. Осындай зерттеулердің өзектілігі тілдік бірліктердің көп аспектілі және алуан түрлілігін анықтаумен бірге, құрылысы әртүрлі тілдердің дүниені қабылдау және тану ерекшеліктерін айқындаудан көрінеді.

Көз аурулары атаулары адамдардың өмір, дүние туралы таным-түсініктерін, белгілі бір заттар мен құбылыстарға берген бағасын, әлеуметтік және моральдық нормалар жүйесін айқындайтын материалдарға бай. Қорғауға ұсынылып отырған жұмыстың өзектілігі туыс емес тілдердің терминжүйесін салғастырмалы зерттеу арқылы оларға тән ортақ белгілермен қатар әрбір мәдени қауымдастыққа тән ұлттық ерекшеліктерді анықтаудан және оларды тілдік және тілден тыс факторлармен түсіндірумен айқындалады.

Б.К. Хасангалиеваның диссертациялық жұмысы қазақ және ағылшын офтальмология терминдерін когнитивтік-фреймдік бағытта салғастырмалы талдауға арналған. Аталған бағыт қазіргі тіл біліміндегі антропоөзектік парадигма аясында пайда болған, тілдегі адам факторын анықтайтын бағыт саналады, терминдік аталымның когнитивтік табиғатын түсіндіруге мүмкіндік береді.

Зерттеу жұмысының жаңалығы мен алынған нәтижелердің теориялық және практикалық маңызына төмендегі жетістіктерін айтуға болады:

- 1) дәстүрлі терминтанымнан когнитивті терминтанымға дейінгі зерттеу бағыттарына шолу жасалады;
- 2) когнитивті терминтанымның негізгі ұстанымдарын айқындайды;
- 3) дүниенің ғылыми бейнесі мен кәсіби тілдік тұлға ұғымдарының анықтамаларына талдау жасалып, зерттеудің ғылыми аппараты нақтыланады;
- 4) терминжасамдағы метафора мен метонимияның когнитивті механизмдері анықталады;
- 5) медициналық терминдерді зерттеудегі фреймдік талдаудың әдіснамалық негізіне шолу жасалады және когнитивтік-фреймдік талдау әдістемесін ұсынады;
- 6) қазақ және ағылшын офтальмология терминжүйесінің фреймдік репрезентациясы жасалады және салғастыра талданады, аталған екі терминжүйенің ортақ және айырым белгілері анықталады, нәтижелерін қорытындылап, өзіндік тұжырымдар жасайды;

7) офтальмология терминдерінің электронды сөздігі жасалады.

Зерттеу жұмысының басқа жұмыстардан ерекшелігі ретінде офтальмология терминдерінің когнитивті терминтаным аясында алғаш қарастырылуын, құрылысы әртүрлі екі тілдің материалы бойынша салғастырмалы талдауға түсуін, ғылыми дискурс, кәсіби тілдік тұлға, дүниенің ғылыми бейнесі ұғымдарының нақтылануын, офтальмология терминдердің когнитивтік-фреймдік зерттеудің кешенді салғастырмалы әдістемесін ұсынуын атауға болады. Қазақ, ағылшын медициналық дискурсқа тән ортақ және айырым белгілерді анықтауын, олардың себебін түсіндіруін жұмыстың сәтті шыққан тұстарына жатқызуға болады.

Зерттеу барысында ізденушінің сандық технология мен компьютерлік технология жетістіктерін ұтымды пайдаланып, қазақ және ағылшын офтальмология терминдерінің электронды түсіндірме сөздігін құрастыруын, оны арнайы электронды қосымша ретінде ұсынуын да жұмыстың жетістігі ретінде айта кету керек.

Докторанттың ғылыми-зерттеу біліктілігін оның сыни көзқарастарынан көруімізге болады. Атап айтар болсақ, жұмыста тақырыпқа қатысты бірқатар отандық және шетелдік ғалымдардың пікірлерін сыни тұрғыдан талдап, оларға өзіндік тұжырымдарын ұсынған.

Ізденушінің қазақ және ағылшын офтальмология терминдерінің фреймдік өзектелуін анықтау барысында жасаған сөздік және оқулық мәтіндеріндегі терминнің анықтамаларын фреймдік талдауы сәтті шыққан. Докторанттың сөздік анықтамалардағы ұғымдық компоненттердің фреймдік құрылымға сәйкестігін анықтауы, оларды оқулықтағы анықтамалармен салыстыра талдауы ғылыми дискурстың ерекшелігін, ондағы кәсіби тілдік тұлғаның ойлау үдерісін анықтауға мүмкіндік берген.

Ізденуші докторантурада оқу барысында және диссертациялық жұмысты дайындау кезінде ғылыми-зерттеу жұмысын жеткілікті түрде игергенін көрсетті. Жұмыстың нәтижелері 6 ғылыми мақалада жарияланған. Оның біреуі Scopus мәліметтер қорына кіретін ғылыми журналда жарық көрді. Екі мақала Комитет ұсынған ғылыми басылымдарда және үш мақала халықаралық ғылыми конференция жинақтарында, оның ішінде екеуі шетелде өткен конференция материалдарының жинақтарында жарияланды.

Ғылыми жұмысты жазу барысында Бибигуль Кенесовна өзінің ғылымға адалдығын, бейімділігін, табандылығын, ізденімпаздығын көрсете білді. Тіл білімі саласы бойынша теориялық білімі қалыптасқан, тіл білімінің зерттеу әдістерін меңгерген, өзіндік ой-тұжырымы бар, қазақ, орыс, ағылшын тілдерін білетін білікті маман ретінде көзге түсті. Жұмыста ұсынған сызбалары мен кестелері, құрастырған сөздік материалдары ізденушінің ақпараттық технологияны, компьютерлік бағдарламаларды жетік меңгергенін дәлелдейді.

Қорыта айтқанда, Хасанғалиева Бибигуль Кенесовнаның диссертациялық жұмысы «8D02304 - Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға қойылған барлық талаптарға жауап береді. Ғылыми жұмыстың жазылу деңгейі мен теориялық және

практикалық құндылығын ескере отырып, аяқталған ғылыми жұмыс ретінде қорғауға ұсынамыз.

Отандық ғылыми кеңесші,
Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе
өңірлік университеті,
филология ғылымдарының докторы,
профессор



С.С. Исакова